

Көркемдік ойлаудың ұлттық ерекшеліктері негізінде қалыптасқан әр халықтың әдеби дәстүрі – бір кезең, бір дәуірдің емес, ұзақ ғасырлар бойында ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, үнемі өзгеріп, түлеп, байып, дамып отыратын рухани игілік.

Дәстүр ұғымының жалпы анықтамасы ғылымда айқындалған. Уақыт пен кеңістіктегі қоғам мен оның мүшелерінің ұстанымдары, өлшемдік қалыбы, талаптары мен әрекеттері тұрақтанып дамып жатады; олардың қалыптасқан белгілері дәстүрге айналады. Дәстүр дегеніміз – бір ұрпақтан келесі ұрпаққа ауысып отыратын тарихи тұрғыдан қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер. Дәстүр – халықтың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің рухани негізі болып табылады. Мұның өзі дәстүр жалғастығына да тікелей байланысты болып келеді. Өйткені әрбір ұрпақ өзінен бұрын ғұмыр кешкен барлық ұрпақтар жасаған рухани мұраны игеріп, оны жаңа қоғамдық-тарихи жағдайға сәйкес жетілдіріп отыруы тиіс. Сонда ғана қоғам дамуының рухани мүмкіндіктері объективті түрде жүзеге асады. Демек, дәстүр болып танылу үшін белгілі бір уақыт кеңістігінде қалыптасқан шарт, сондай-ақ ол құбылыстың келесі ұрпаққа ауысып отыруы да қажетті белгі. Бұл белгі әдебиет мектебін қалыптастыруға да негіз болды.

Арқада өз мектебін қалыптастырған Абай болса, Оңтүстікте Нұралы болатын. Нұралы Абайды көрмеген, тек естіген болса керек. Өкініштісі, Нұралы мұраларында Абай аты аталмайды. Бірақ екеуінің әдеби мектеп қалыптастыруы мен шәкірт тәрбиелеуінде ұқсастықтар көп.

«Абай жолында» кең түрде талданған әдеби мектеп дәстүріне біз қайта орала бермейміз. Абай шәкірттері: Көкбай, Шөкәрім, Ақылбай, Мағауия, Көкітай, Дәрмен, Мұқа, Баймағамбет, Әлмағамбеттер болса, бұл дәстүр (әдеби мектеп үлгілері) «Абай жолында» жинақталған түрде суреттеліп отырады. Әсіресе күз, қыс айларында ақындық өнердің қалыптасуына Абайдың өзі негіз болып, шәкірттерін шетінен тыңдап, ақыл-кеңесін беріп отырған. Бұл тақырып оқырманға кең таныс болғандықтан, біз

ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ

(Абай мен Нұралының әдеби мектеп қалыптастыру үлгілері)

Қай кезде де, қандай заман болмасын бірде-бір шынайы суреткер өз заманының саяси-әлеуметтік мәселелеріне үн қоспай отыра алмайды, араласып, бағытын анықтап, өз шешімін айтып отырған. Бұл – кешегі XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында қатты көтерілді. Бұған дәлел, бірі елдің шығыс өңірінен, енді бірі күнгей жақтан, бірі оңтүстіктен, бірі батыстан, әр түкпірден болған ақындардың ойға алған, қайғы түнегіне айналған мәселелерінің негізгісі – патшалы Ресейдің отарлау жүйесіне қарсылықтан туған еді. Ол қарсылық «уды умен қайтару» (М.Мырзахметұлы) әдісіне негізделді. Бұл дәстүр оларды жалпы қазақ поэзиясымен үндестірді, оның бұрынғы және кейінгі дамуымен сабақтастырды, көркемдік ойлаудың үлгісі ретінде әдебиетіміздің дәстүрлерін түзді.

айтып бердім, тағы да жалғасын алдым, сүйтіп жүріп дастанды ақырына дейін жаттадым. Содан соң екінші дастанға түстім. Дастаны қанша көп болғанымен, ешкімге бүтін дастан бермейтін, сөзге тар кісі еді.

– Ақпанның беті суық, қандай адам болса да, қарсы келгенде көзін тайдырады, өзі жүректі, қорқуды, рияшылдықты білмейді. Өзін халықпен бірге ұстайды, даусы да зор. Сонысы үшін оған дастан үйреттім, – депті бір жиында Нұралы.

Ақпан 1948 жылы 51 жасында қайтыс болады. Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Темірлан поселкесінде өмір сүрген. Руы Дулат, оның ішінде Жаным. Нұралының соңғы шәкірттерінің бірі Ақпан Ұлы Отан соғысына қатысып, ауыр жарақаттанады. Басынан кешірген осы жауынгерлік ұлы жылдарын ұзақ өлең етіп шығарып алып, онысын өле-өлгенше ел ішінде айтып жүреді. Бұл өлеңді ақынның өз аузынан жазып алушылар, білетіндер әлі де бар болу керек.

Осы сөз етіп отырған ақындарымыздың Нұралыға келулері, дастан алулары әр мезгілде, әртүрлі

Бақтырып мен сорлыны қаратарға, Жанашыр ағайыннан жоқ адамзат.

Басыма кесел түсті тастан ауыр, Көп адам қояншық деп қылды қауыр. Білмеймін пері екенін, жын екенін, Жерінде ұстап қалған шошынды ауыл.


Осылай біраз созып барып тоқтатқанда, Нұралы әбден есітіп болып:

– Өттең, қырағатың жоқ-ау, Шоқанбай-ай! Сені науқас пен кедейшілік жүдетіп жүр ғой, болмаса менен де күшті ақын болар едің, – деген екен.

Шоқанбайдан басқа Нұралы шәкірттерінен көлемді шығарма беруші Түлкібас ауданына қарасты Масаттағы Шуылдақ (Сиқым) елінен шыққан Дүйсен ұлы Сейіт деген өте талантты ақын болған. Бұл 1933 жылы отыз жасында қайтыс болған. Сейіт Нұралының дастандарымен бірге халық алдында өзі шығарған дастандарын да айтып жүрген. Ол дастан айтқанда музыкалық аспабы үшін қыл қобызды қолданған, көп күйлер тарта да білген. Сейіт өзі

Бұл айтылғандарға кейіннен ақынның өзі де айтқандай: “Жыршының ұстазымын біразының, Бұл күнде ақындардың князімін” – деген өз бағасын қосыңыз.

Жоғарыда айтылғандардан басқа да Нұралының шәкірттерінен терме, дастан жазып шығарушылар көп болған, бірақ олар туралы



Қазығұрт ауыл кеңесінде тұрушы Әзімбай ақыннан басқа ешкім де білмейді» деген дерек бар.

Орал ақын жырлаған «Дотан бала» дастанының тарихы да осыған ұқсас.

“Мен едім жұрт мақтаған Қызыл ақын, Көп аса түсім де жоқ қызығатын” деген сияқты термелерімен танылған тағы бір шәкірті Мырзабек (Қызыл жырау) еді. Осы терменің бір жерінде:

мәліметтерді әлі де толықтыру керек деп санаймыз.

Нұралының бұл жерде біз атап өткен шәкірттерінен басқалары да көп болған.

Бұдан Нұралының басқа ақындар сияқты жазған дастандарын байларға, болыстарға, әкімдерге тарту етіп, ат, атан, ақша, бұйым дәмәткен ақын емес, болашақ дастаншылыққа бет қайтқан кәсіпкерлік жолдарын көрсеткенін

күнгей ақындарының мектебінің қалыптасуына көбірек тоқталмақпыз.

Нұралыдан сөз алып, алдың көріп, төлім алғандар: Шорпақ, Арыс, Боралдай өзендерін мекендеуші Ысты елінен шыққан Төлебай деген өте кедей тұратын, әркімге жалданып, күнін көре алмай жүрген жігітті Нұралы шақырып алып: «Сен бейшара аштан өліп қаларсың. Мыналарды жаттап, ел аралап айтып, күніңді көр», - деп, жарамазан, беташар өлеңдері мен «Ханым сыры» деген дастанын береді. Осыны көрген жалшылар, малайлар тіпті ақтап жүрген дуаналар да Нұралының айналасына топталып, шоғырлана бастайды.

Шоқайдан шыққан Қалыбай деген кедей адам бір жылы көктемде балашағасы аштан өлетін болған соң, Нұралыға келіп:

– Молдеке, қайтемін? - депті.

Нұралы біраз терме, және «Назыгүл» деген дастанын беріпті. Мұны жаттап алып, Ташкент жаққа барып айтқан Қалыбай екі аттың құнын тауып қайтқан екен. Жандос деген дуананың қатын-баласы аштан қырылып, өз басы бір үйде жалғыз қалған соң, осы жағдайларының бәрін қостырып, Нұралыға өлең жаздырып алған екен. Жандос осы қайғылы термесін ауылдың бір шетінен түсіп айтқаннан бастап, бала-шағалар, тіпті ересек адамдар да жиылып, екінші шетінен шығып кеткенше соңынан қалмайды екен. Жандос Нұралының осы өлеңімен-ақ күнін көріпті.

Нұралының шәкірт тәрбиелеуде де өзіне ғана тән ерекшелігі болған. Мұны қолжазбадағы ақын Ақпан Құлыбековтың сөзінен аңғаруға болады.

«Мен, - дейді Ақпан, - 1915 жылы 18 жасымда Нұралыға барып:

– Сізді ұстаз етейін деп ниет қып келдім, біраз термелеріңізден, дастандарыңыздан беріңіз, - дедім. Нұралы мақұл көріп, қолыма үш парақ жазылған қағаз берді де:

– Он күнде қайтып кел, мынаны жаттап ал, жалғасын сол келгеніңде беремін, - деді. Үйге келіп күні-түні оқып, үш парақ өлеңді судай жаттап алып, он күнде қайтып келдім. Алдына отырғызып қойып, қолыма домбыра беріп, өзі баяғы үш парақ қағаз бетіне қарап отырып маған өлең айтқызды. Сүрінбей, мүдірмей толық шыққан соң:

– Жарайсың, балам, ақын болады екенсің, - деп қолыма енді он парақ қағаз берді. Мұны да солай жатқа

жолдармен болған. Мысалыға қолжазбадағы Әлімбетов Көпбай ақын Нұралы бір-екі ауыз сөз айтайық.

1923 жылы он сөіз жасар Көпбай өздерінің бір тайыншасын әрісте жайылып жүрген жерінен падашыға ұстатып алып, жетектеп, тура ақын Нұралының үйіне келеді. Нұралы:

– Балам, тайыншаны неғып әкелдің? - деп сұрағанда, Көпбай:

– Сізге әкелдім, өлең алайын деп едім, - депті.

– Мұныңды өке-шешелерің біле ме?

– Жоқ.

– Ендеше, сен үйде жата бер, үй жағыңнан хабар алайық, - деп Көпбайды үйіне қондырады.

Нұралы оның әкесіне хабар беріп, шақыртып алады. Әкесі:

– Баламның ақын болғысы келіпті, батаңызды беріңіз, - десе

керек. Сөйтіп, баласына Нұралының әрі батасын, әрі үш-төрт дастанын өперген екен.

– Осы қызталақтың баласы жыр айтқанда мен қыпылдап отырамын, тамам қыз-келіншек осының соңынан ілесіп кетер ме екен? Көңіліңдегіні тауып, сөзді мәнімен құлпыртып айтады, - депті күлімдеп, ырзаланған Нұралы. Бұл реңі келіскен, сымбатты аққуба жігіт Ысты елінен шыққан Өлтай деген шәкірті екен.

Жаныс (Дулат) елінен шыққан Өлібайұлы Шоқанбай деген жас жігіт бала кезінен-ақ Нұралымен қатынас жасап, одан көп өлең, дастан жаттайды. Бірақ, қояншық деген кеселмен ауырып, ақындық салт құра алмаған. 1925 жылы 33 жасында қайтыс болған. Шоқанбай өмірінде екі дастан: «Жауыр Шыназ саудагер», «Қозыбақ» және өзінің Орынкүл деген қызбен айтысын жазған.

Осы Шоқанбай өлең жаттау үшін біраз уақыт Нұралының үйінде болады. Осы кезде Арапбай той жасап, Шоқанбай Арапбайдың қызы Жұпаркүлдің тұсында отырып өлең айтады. Тұсында отырған Шоқанбайдың қояншығы ұстап, тас-талқан боп аунақшиды. Ертеңіне Шоқанбай Нұралының үйінде отырып, көп адам жиналғанда, мынадай өлең айтыпты:

Қолыма қалам алып жазамын хат,
Қалады молдадан хат, ұстадан тат.
Кісідей аза тұтқан мен үйдемін,
Басқа адам той-тойлап жүр

құрбымен шат.

шығарған: «Қыйтыр-Сыйтыр», «Ақымақ байбатша», «Тамаша қабақ» және «Мың бір түн» оқиғаларының тағы сондай бірқатар сюжетті оқиғалы жазылған дастандармен бірге «Пайғамбардың дүние салуы» деген мұсылман дінін негіздеушілерді, оны шар аралатып уағыздайтын бір дастан да шығарған. Сейіт кілең сатиралық оқиғаларды баяндайды. Бұл дастандарды ел ішінен әлі де болса іздей түсуіміз керек деп ойлаймын.

Қаратас ауданындағы Қайшылы (Сіргелі) елінен шыққан Көмек (1858-1935) деген ақын Нұралыдан көп терме өлеңдер, дастандар жаттаумен қабат, өзі де бірталай термелер және жалғыз ғана «Кедейхан» деген дастан жазған. «Қазірдің өзінде де ел аралап жүрген жыршылардың айтып жүрген:

Кел тілім, келмейін жаста күйім,
Айналды, сөз ойлаумен баста миым.

Ләпсің – от, ажалың – қас

-деген екен,

Ләпсіде қарар болмас, таста түйін.
немесе,

Кел тілім, біраз ғана кеңес баста,
Айналып өткен жастық келмес басқа.

Құлпырып жерден кияқ көгермейді,
Болмаса көктен жаңбыр,
жерден шашпа" деп басталатын, біразға созылатын термелердің ең бірінші авторы осы Көмек ақын» деген пікір бар. Көмектен күні бүгінге дейін маңызы жойылмаған көп термелер қалған, ішінде аз да болса дін тақырыбындағы шығармалары да бар. Ал «Кедей хан» дастаны Нұралының «Мақсұт хан» дастанының ізімен жазылған. Мұның тақырыбы әуелі аталғанымен, ішкі мағынасында тайғалақ оқиғаларды суреттейді.

Көмек Тәшкенді базарлап, салт атпен еліне қайтып келе жатса, жолда бір есекті адам кездесіп, жол қысқару үшін Көмекке ертеке береді. Көмек есіткендерін ертеңіне дастанға айналдырып, онысын «Кедей хан» деп атаған. Нұралының «Мақсұт хан» дастанымен хабары жоқ, оны есітпей, білмей барып өз бетінше жазып шыққан «Кедей хан» мен «Мақсұт ханның» арасында көп айырмашылық бар. Оқиғаның жалпы желісі бір болғанмен, мазмұн жағынан да, оқиғаны баяндау тәртібі жағынан да, құрылысы, тіл көркемдігі жағынан да айырмашылықтары бар.

«Әлі күнге табылмаған «Кедей хан» дастанын Қаратас ауданындағы

“Мен дағы жылан жылы төмен кеттім,
Онда да қарап жүрмей өлеңдеттім” -дейді. «Төмен» деп отырғаны қазіргі Ақтөбе қаласының Елек станциясының маңы, Жайық өзенінің бойы. Ол жақта үш жыл жүріп, өзінің туған, өскен жері Шәуілдірге қайтқан. Қайтарында Әкімгереймен айтысқан.

Нұралының көбірек жәрдемдесіп, ақылын айтып, сынап отырған ақыны өзінің жақын туысқан інісі – Дәріжан деген шәкірті болады. Бұл ақындық салтқа көп айналыспай, елді көп араламай, шаруашылықпен көбірек шұғылданып қалған кісі. Дәріжанның бірталай термелері, түрлі өлеңдері болған. Біздің қолымызда оның жалғыз ғана «1917 жыл» деген өлеңі бар. Осының өзінен-ақ оның күшті талант иесі екендігі, Нұралыдан көп үлгі, өнеге алғандығы байқалады. Осы өлеңнің бір жерінде былай дейді:

Бұлт шықса төменнен,
Тарқайды жаумай төбеңнен.

Таудан дереу жел тұрар,
Төбеге бұлт келгеннен.

Күні-түні жел тұрып,
Шөлдері егін дембе-дем.

Ыстық-суық құлпырып,
Бүйректтей соқты Бөгеннен.

Топан судай тоқсан күн,
Тынбастан тұрды жел деген.

Аспаннан жаңбыр тамбастан,
Жердің жүзін шаң басқан.

Есепсіз егін шөлдеген,
Су үзіліп арнадан,

Көк егіс пен ақ егіс,
Ындыны кеуіп дембе-дем.

Бір жағынан қымбаттық,
Бұл да болды көлденен.

Былтыр тыныштық көрмедік,
Адам беріп орысқа.

Халыққа тыныштық бермеді,
Қампайтты патша дем беріп,
Старшын, би мен болысқа.

Қаратас ауданындағы Оймауыт елінен шыққан Жұмабай ақынмен айтысқан Ысты елінен шыққан Құрбанкүл де Нұралының шәкірті. Бір жиында Жұмабай мен Құрбанкүл өлең айтысып қалады.

Құрбанкүлдің сөздері басым бола берген соң, Жұмабай:

“Құсым салып келемін топ шымшыққа,
Неменеге саламын жоқ шымшыққа.
Бұл әдісті қоймасаң, беу Құрбанкүл,
Домбырамен ұрармын қақ тұмсыққа” -депті.

қалам қасып отырғандардың дараһың көркем әдебиетке қабілетін, сана-сөзімдерінің күштілік-өзгерткіштік жақтарын сынап, психикалық ерекшеліктерін ескеріп, өздеріне лайықты дастандарды іріктеп беретін әрі ақындық жолға салып, тәрбиелеген ақын болғандығын байқаймыз.

Нұралы дастан жазу саласында өзінен бұрынғы және өзімен тұстас ақын-жазушылардың тәжірибелерін қорытты, олардың халыққа ұнамайтын және ұнайтын жақтарын сезе білді. Шығармашылық қабілетінде оқиғалы поэзияның шебері екендігін көрсетті. Нұралы қай дастанын болса да жеті-сегіз буынды толғау термемен немесе он бір-он екі буынды қара өлеңмен бастайды. Осы әдіс біраз созылып, халықтың құлағын елеңдетіп, ынта-жігерлерін түгел дастанға аударып алады. Осыдан кейін ұйып тыңдаушыларға екі-үш сөйлеммен қысқа ғана қара сөз кірістіреді де, енді басқа өнге салатын өлең береді. Бұл өлең біраз айтылған соң, тағы да қысқа қарасөз арқылы термеге түседі. Бұл шұбыртпалы жеті-сегіз буын ұйқасты өлеңді біраз сырғытып (желдіртіп) өткен соң тағы да қысқа қарасөз арқылы он бір-он екі буынды қара өлеңге ауысады. Дастанды басынан аяғына дейін осылай етіп, қысқа қарасөз енгізу арқылы әртүрлі өнге лайықтап жазып, алмастырып отыру әрі тыңдаушыны шаршатпайды. Енді өзгертіп, дауысты құбылтып отыру тыңдаушының ішкі сезім дүниесіне күшті әсер етеді. Бұл қасиеттер басқа ақындарда көп кездеспейтін ерекшелік. Тыныс алмаған соң айтушы да, тыңдаушылар да шаршап, дастаннан зерігуге дейін барады. Оның тыңдаушы халықпен, айтушы жыршымен санасқандығы – жыршының дауыс ырғағын құбылтқызуы, Нұралының дастанды бұралаң-бұлттарысымен жазуы әрбір тиянақты болып аяқталған оқиғаны бір қорытып, түйіп тастап отыруы – Нұралыға тән ерекшелік. Абайдың қара сөздерін жазуында да осындай белгілер байқалады.

(Жалғасы бар).

Саттар ӨМІРЗАҚОВ,

ф.ғ.к., доцент, ҚР Журналистер одағының мүшесі,

М.Әуезов атындағы ОҚМУ

«Абайтану» ғылыми орталығының басшысы.